



ЖАҢА

УАҚЫТ

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз



№32 (190) 19 ТАМЫЗ 2026 ЖЫЛ

ГАЗЕТ БОРОДУЛИХА АУДАНЫНА ТАРАЙДЫ ♦ E-MAIL: BORODULINAPULS@MAIL.RU ♦ САЙТ: BORODULINA.KZ

Құттықтаймыз!



Абай облысы білім басқармасының Бородулиха ауданы білім бөлімінің «Зубаир орта мектебі» КММ директоры, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гульжан Елеуханқызы Ерубаяева «Абай облысына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Бұл – білім саласына сіңірген еңбектің, кәсіби біліктіліктің және педагогикалық қызметке деген адалдықтың жоғары бағасы.

Гульжан Елеуханқызын марапатымен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбегіңіз еленіп, абыройыңыз асқақтай берсін! Сізге зор денсаулық, шығармашылық табыс, жұмысыңызға толағай жетістіктер және жаңа белестер тілейміз!

Мәртебеңіз биіктеп, шәкірттеріңіздің жетістігі мен әріптестеріңіздің құрметі арта берсін!

«ЖУ» - ақпарат

Әкім қабылдауы

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Бородулиха ауданының әкімі тұрғындармен кері байланысты нығайту және өзекті мәселелерді жедел шешу мақсатында кезекті рет азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдау барысында аудан орталығының инфрақұрылымын дамыту мен әлеуметтік салаға қатысты маңызды тақырыптар қозғалды.

Кездесуге арнайы келген Бородулиха ауылының тұрғыны әлеуметтік осал топтарға арналып салынған жаңа үйлер орналасқан тұрғын үй секторын абаттандыру мәселесін көтерді. Тұрғындарды мазалайтын негізгі түйткілдердің қатарында көшелердің жарықтандырылуы, ішкі жолдардың жағдайы және мектеп жасындағы балаларды оқу орындарына тасымалдау ісі бар.

Бүгінгі таңда бұл аумақта оқушыларды мектепке тасымалдау жұмыстары жүйелі ұйымдастырылған. Алайда жаңадан бой көтерген сектор болғандықтан, балалар арнайы белгіленген көлік отыратын орынға дейін шамамен 600–700 метр қашықтықты жаяу жүруге мәжбүр. Аудан басшысы бұл жағдайдың әсіресе қыс айларында балалардың қауіпсіздігіне алаңдайтын ата-а-

налар үшін өте маңызды екенін және басты назарда болатынын атап өтті.

Ал жол құрылысы мен жарықтандыру жүйесін жүргізу белгілі бір уақыт пен кезең-кезеңімен атқарылатын жұмыстарды талап етеді. Сектор жаңадан қалыптасып жатқандықтан, мұнда тиісті инфрақұрылымды толық тарту үшін алдымен қажетті есептеулер жүргізіліп, жобалық-сметалық құжаттар әзірленуі тиіс. Одан кейін ғана қаржыландыру көздері анықталады. Аудан әкімі бұл ауқымды жұмыстардың биыл толық аяқталатынын айтып, тұрғындарға орындалмайтын бос уәде беру дұрыс емес екенін ашық жеткізді.

«Көтерілген барлық мәселені өз бақылауыма алдым. Жаңа тұрғын үй секторының инфрақұрылымын дамыту – басты міндеттеріміздің бірі. Әрбір өтінішті ке-



зең-кезеңімен

пысықтап, бюджет мүмкіндіктеріне қарай оңтайлы шешу жолдарын қарастырамыз», - деді аудан басшысы.

Қабылдау қорытындысы бойынша жауапты бөлім басшыларына аталған аумақтағы мәселелерді зерделеу және жобалау жұмыстарын бастау жөнінде нақты тапсырмалар жүктелді. Халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, оған заң аясында нақты шешімдер қабылдау жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Ш. ДОСКЕЕВА,
«Жаңа уақыт»

ӨЗЕКТІ



ЖЕЗКЕНТ ПЕН ОРЛОВКА: СУ МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛУДЕ?

Соңғы күндері Бородулиха ауданына қарасты Жезкент кенті мен Орловка ауылында ауызсумен жабдықтау жүйесінде іркілістер орын алып, тұрғындарды алаңдатып отыр. Аталған елді мекендердегі ахуалды өз бақылауына алған аудан әкімі Талғат Батырұлы жағдайды тұрақтандыру және көршілес елдің жауапты тұлғаларымен келіссөз жүргізу мақсатында арнайы жұмыс сапарымен барды.

Аудандық әкімдіктің мәліметінше, ағымдағы жылдың 3 тамызынан бастап су беру негізінен түнгі уақытта шектеліп келген еді. Алайда 12 тамыздан бастап жағдай күрделеніп, тіршілік нәрін күндіз де шектеуге тура келген. Бұған көршілес Ресей Федерациясы аумағындағы сумен жабдықтау жүйесінде орын алған апаттық жағдай себеп болды. Магистральдық құбырдағы зақымдану мен елді мекендерді

сумен қамтамасыз ететін негізгі сорғының істен шығуы салдарынан Жезкент энергия цехының су резервуарларындағы су деңгейі күрт төмендеп кеткен. Сорғыны жөндеу кезеңінде уақытша резервтік жабдық іске қосылғанымен, ол негізгі жүктемені толық көтере алмаған.

Жарық пен су сияқты маңызды игіліктен қағылу – тұрғындар үшін, әсіресе Жезкенттегі көпқабатты үйлердің тұрғындары үшін үлкен қолайсыздық тудырғаны жасырын емес. Оның үстіне, су беру қайта қалпына келтірілгеннен кейін де орталық жүйені суға толтыруға белгілі бір уақыт қажет. Сондықтан тіршілік нәрі тұтынушылардың пәтерлеріне бірден жетпейді.

Қазіргі уақытта шектеу кезеңінде халықты сусыз қалдырмаудың жедел шаралары ұйымдастырылуда. Жезкент және Орловка тұрғындарына арнайы техникамен ауызсу және техникалық су жеткізу жұмыстары жолға қойылды. Су таситын көліктер күніне бірнеше рейс жасап, халықтың сұранысын өтеуде. Сонымен қатар, тасымалданып жатқан ауызсудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оның сапасына тұрақты зертханалық бақылау жүргізіліп жатыр.

Мәселенің мән-жайын тікелей біліп, атқарылып жатқан жұмыстардың нақты барысын талқылау мақсатында аудан әкімі Талғат Батырұлы Ресей Федерациясының «Горняцкий Водоканал» ЖАҚ бас директоры Игорь Федорищевпен арнайы кездесу өткізді. Маңызды халықаралық басқосуға Локоть ауданының әкімі Галина Глазунова

және «ВостокЭнерго» кәсіпорынының өкілдері де қатысты. Кездесу барысында орын алған апаттың себептері, қалпына келтіру жұмыстары және алдағы бірлескен іс-қимыл мәселелері жан-жақты қаралды.

Соңғы мәліметтерге сүйенсек, қазіргі таңда негізгі сорғының жөнделген қозғалтқышы су алу нысанына жеткізіліп, мамандар оны іске қосу және ретке келтіру жұмыстарын қызу жүргізуде. Жабдық толық қуатында іске қосылғаннан кейін орталық жүйедегі су қысымы тұрақтанбақ.

Ең маңыздысы – аудан басшылығы тек бүгінгі апатты жоюмен ғана шектеліп қалмай, мәселені болашақта түбегейлі шешу жолдарын да қарастыруда. Кездесу барысында алдағы уақытта мұндай кедергілерді болдырмау үшін сумен жабдықтаудың балама көздерін қарастыру бойынша жобалық құжаттама әзірлеу мәселесі де пысықталды.

Әрине, халықаралық деңгейдегі бұл техникалық жұмыстарды сапалы әрі қауіпсіз жүргізу үшін белгілі бір уақыт қажет. Ең бастысы – мәселе өз арнасын тауып, жүйелі түрде шешіліп жатыр. Аудан әкімдігі мен тиісті қызметтердің алдында тұрған басты міндет – сумен жабдықтаудың штаттық режимі толық қалпына келгенге дейін тұрғындарды сумен қамтамасыз ету. Аудан басшысы жағдай толық оңалғанша ахуалды өз бақылауында ұстайтынын жеткізді.

Шайза АСАНҚЫЗЫ,
«Жаңа уақыт»

«Таза Қазақстан»

ПОДБОРНЫЙДАҒЫ
ТАЗАЛЫҚ МАРАФОНЫ

Бородулиха ауданында Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы аясындағы тазалық марафоны қарқынды жалғасуда. Аудан көлемінде қоршаған ортаны қорғауға және елді мекендерді абаттандыруға бағытталған игі шаралар дәстүрлі сипатқа ие болды.

Осы аптада Подборный ауылдық округінде кезекті ауқымды сенбілік өтті. Тазалық акциясына жергілікті мемлекеттік қызметшілер, мекеме қызметкерлері мен ауыл тұрғындары бір кісі-



дей атсалысты. Жұмыла көтерілген жүк жеңіл демекші, бірлескен жұмыс нәтижесінде ауыл ішіндегі қоғамдық аумақтар қоқыстан толық тазартылып, абаттандыру мен тәртіп орнату шаралары жүргізілді.

Нәтижесінде тек бір күннің ішінде аумақтан 2 тоннадан астам тұрмыстық және қатты қалдықтар жиналып, арнайы полигонға шығарылды. Сенбілік барысында тұрғындардың, әсіресе балалар мен жастардың жиі жиналатын орындарына ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, ауылдық саябақ, балалар ойын алаңы және жасөспірімдердің сүйікті орнына айналған ми-

ни-футбол алаңының аумақтары күл-қоқыстан арылып, жарқырай түсті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, ауданымыздың тазалығы мен жайлылығы – баршамыздың ортақ жауапкершілігіміз бен туған жерге деген шынайы қамқорлығымыздың көрінісі. Сенбілікке шығып, белсенді азаматтық ұстаным танытқан барлық қатысушыларға, ауыл жанашырларына зор алғыс білдірілді. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған мұндай тазалық акциялары алдағы уақытта да ауданның өзге округтерінде өз жалғасын таппақ.

«ЖУ» - ақпарат

СПОРТ МЕРЕКЕСІ
АТАЛЫП ӨТТІ

Ауданымызда Спорт күні кәсіби мерекесі қарсаңында дүбірлі спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамытуды мақсат еткен бұл шараға аймақтарға біріктірілген 8 мықты команда қатысты. Жарыс алаңында шынайы достық пен тартысты бәсекеңің куәсі болдық.

Спортшылар бағдарламаға сәйкес спорттың бес түрінен, атап айтқанда, футбол, баскетбол, үстел теннисі, жүзу және жеңіл атлетика бойынша бақ сынасты. Әр бәсекеде қатысушылар командалық бірлік пен жеңіске деген мұқалмас жігердің жарқын үлгісін көрсетті. Спорттық доданың деңгейі жоғары болғаны соншалық, жүлделі орындар арасындағы айырмашылық санаулы ұпайлармен ғана анықталды. Әр секунд пен әр гол маңызды рөл атқарды.

Жалпыкомандалық есептің қорытындысы бойынша Бородулиха ауылдық округі 133 ұпаймен бас жүлдені (I орын) жеңіп алды. II орынға

Атап айтқанда, Дмитриевка аймағының (құрамында Подборный және Бақы округтері бар) өнерін ерекше атап өткен жөн. Жарыстың басынан аяғына дейін жоғары дайындық деңгейін көрсеткен бұл ұжым спорттың барлық түрі бойынша толық құрамда бақ сынады. Нәтижесінде 102 ұпай жинап, жүлделі үшінші орынға небәрі 1 ұпай ғана жетпей қалды. Мұндай нәтиже спортшылардың алдағы үлкен жеңістерге деген мықты дайындығының айқын көрінісі.

Аудандық деңгейдегі бұл мереке тек жеңімпаздарды анықтап қана қоймай, бұқара арасындағы ауызбіршілікті арттыра түсті. Жарысқа қатысқан барлық командаларға, намыс жыртып алаңға шыққан спортшыларға, трибунадан демеу берген жанкүйерлерге және шараның жоғары деңгейде өтуіне үлес қосқан барша азаматтарға шынайы алғысымызды білдіреміз! Спортшыларымыздың мерейі үстем болып, жеңістері еселене берсін! Ауданымыздың спорт



Новошувьба зонасының құрамасы (құрамында Андреевка округі бар) 129 ұпаймен лайықты деп танылды. Ал Жезкент кенттік округі 103 ұпаймен III орынды иеленді.

саласы жаңа белестерді бағындырып, жарқын жеңістермен қуанта берсін!

Шайза АСАНҚЫЗЫ,
«Жаңа уақыт»

Қауіпсіздік

Жол белгілері
тазартылды

Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер қалды. Осыған орай, Бородулиха ауданында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кешенді дайындық жұмыстары қызу жүріп жатыр. Қазіргі уақытта кент ішіндегі жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру және жол белгілерінің көрінуін жақсарту шаралары қолға алынды.

Аудан тұрғындарының өтініштері мен мектеп маңындағы қауіпсіздікті ескере отырып, көше бойындағы жол белгілеріне, әсіресе жылдамдық режимін шектейтін және «Балалар» белгілерінің көрінуіне кедергі келтіретін ағаштар мен жабайы бұталарды кесу жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Аталған маңызды шараларды «Бородулиха ауданының коммуналдық шаруашылығы» КМК ұжымы кәсіпорын директоры Б.А. Наурызбаевтың тікелей басшылығымен жүзеге асыруда. Коммуналдық сала мамандары жол жиегін тазартып, жүргізушілер үшін көру аймағын барынша кеңейтуде. Мұндай қадамдар жол-көлік оқиғаларының алдын алуға және мектеп оқушылары үшін қауіпсіз орта қалыптастыруға тікелей ықпал етеді.

Құрметті жүргізушілер! Жаңа оқу жылының басталуына байланысты көшелерде жаяу жүргіншілер, әсіресе балалар ағыны күрт артады. Осыған орай, барша жүргізушілерді жолдарда барынша мұқият болуға, белгіленген жылдамдық режимін қатаң сақтауға, мектептер, жаяу жүргіншілер өткелдері мен аялдамалар маңында жылдамдықты барынша төмендетуге шақырамыз.

Өзімізді және балаларымызды қорғайық! Балалардың қауіпсіздігі – баршамызға ортақ жауапкершілік екенін ұмытпаған жөн.

Өз тілшіміз

ТӘРБИЕ БАСЫ –
ТАЛ БЕСІК

Қоғамның ең маңызды тірегі саналатын отбасы институтын нығайту мақсатында Бородулиха ауданында «Отбасылық құндылықтар және Конституция» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Алқалы жиын жергілікті қоғам белсенділері мен тұрғындардың басын қосты.

Басқосудың басты мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, шаңырақ шаттығы мен ұлттық құндылықтарды дәріптеу болды. Шара барысында қазіргі қоғамдағы отбасының рөлі, ата-аналар мен балалардың өзара құқықтары мен міндеттері кеңінен талқыланып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мемлекетіміздің негізгі Заңы – Конституцияда отбасы мен балалық шақты қорғауға

ерекше мән берілгені белгілі.

Жиынға қатысушылар осы бағыттағы заңнама-лық талаптар мен отбасы мүшелерінің жауапкершілігі төңірегінде ой бөлісті.

Жиынға аудан тұрғындары, ардагерлер, жастар мен түрлі сала мамандарынан құралған 30-дан астам адам қатысты. Пікірталас алаңында отбасыдағы өзара сыйластық, ұрпақ тәрбиесі, жауапкершілік және жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселелері қызу талқыланды.

Қатысушылар мұндай іс-шаралардың жас шаңырақтар үшін тағылымы мол екенін айтып, отбасы беріктігі – ел тұрақтылығының кепілі екенін атап өтті. Саналы ұрпақ тәрбиелеу мен отбасылық құндылықтарды сақтау бағытындағы кездесулер ауданымызда алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Ш.ДОСКЕЕВА,
«Жаңа уақыт»

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ӘЗІРЛІК ҚАРҚЫНДЫ

Ауа райының салқындар шағы жақындаған сайын, коммуналдық саланың дайындығы басты мәселеге айналады. Қазіргі уақытта Бородулиха ауданында алдағы жылыту маусымына нысандарды, желілерді және тұрғын үй қорын әзірлеу бойынша кешенді жұмыстар қарқынды жүріп жатыр.

Бүгінгі таңда өңірде барлығы 32 қазандық есепте тұр. Оның ішінде әлеуметтік салаға ерекше көңіл бөлінген: 23 нысан білім беру, ал 2-еуі денсаулық сақтау мекемелеріне тиесілі. Қалған сектордың 6-уын «Коммуналдық шаруашылық» КМК, ал 4-еуін «Востокэнерго» ЖШС басқарады. Аудан бойынша жылу желілерінің жалпы ұзындығы 33,9 шақырымды құрайды. Бұл инфрақұрылымның негізгі бөлігі, яғни 32 шақырымы Жезкент кентіне тиесілі болса, 1,9 шақырымы Бородулиха ауылының үлесінде.

Айта кетерлігі, Бородулиха ауылының әлеуметтік нысандары мен тұрғындарын жылумен қамтамасыз ететін коммуналдық меншіктегі 6 қазандықтың барлығы бүгінгі күнге толықтай әзірленді.

Ал Жезкент кентін жылумен қамтып отырған «ВостокЭнерго» ЖШС-де негізгі жұмыстар мәресіне жақындап қалды. Бекітілген жоспарға сәйкес, мұнда №1, №2, №3 қазандық агрегаттарына ағымдағы жөндеу жүргізілді. Сонымен қатар, болат экономайзерлердің құбырлары, желілік су жылытқыштардың бір бөлігі мен арнайы сорғылар жаңасына ауыстырылды. Молодежная көшесі мен жеке сектордағы желілердің тозығы жеткен учаскелері де ретке келтірілді. Компания бұл жұмыстарды және анықталған ескертулерді ағымдағы жылдың 30 қыркүйегіне дейін толық аяқтап, дайындық деңгейін 100 пайызға жеткізуді көздеп отыр.

Көппәтерлі тұрғын үй қорына келетін болсақ, ауданда орталықтандырылған жүйеге қосылған 51 үй бар. Оның 41-і Жезкентте болса, 10-ы Бородулиха ауылында орналасқан. Қазіргі уақытта бұл үйлердің ішкі жүйелерін қысқа әзірлеу шаралары аудан әкімдігінің тұрақты бақылауында тұр. Нысандар мен көппәтерлі үйлердің ресми дайындық паспорттары үстіміздегі жылдың 31 тамызына дейін рәсімделіп бітуі тиіс.

Әрине, атқарылып жатқан ауқымды істердің артында қаржылық есеп-қисап та жатыр. Бүгінгі таңда «Коммуналдық шаруашылық» КМК-ның жеткізілген көмір үшін «Қаражыра» АҚ алдында 2 738,9 мың теңге көлемінде кредиторлық берешегі бар. Дегенмен, жергілікті билік бұл берешекті өтеу және қысқа қажетті отын қорын уақытылы қамтамасыз ету мәселесін тікелей бақылауға алған.

Жалпы алғанда, Бородулиха ауданында қысқа дайындық жоспарлы түрде жүріп жатыр. Барлық жөндеу және дайындық іс-шараларын 30 қыркүйекке дейін аяқтау жоспарланған. Бұл алдағы жылыту маусымының тұрақты, сапалы әрі ешқандай үзіліссіз өтуіне берік кепіл болмақ.

Әлеуметтік қолдау



ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

Қоғамда ерекше қамқорлықты қажет ететін балаларға жағдай жасау және олардың отбасыларына қолдау көрсету – басты назарда. Осы орайда, таяуда Бородулиха ауданында ерекше қажеттіліктері бар балалардың аналарымен маңызды кездесу өтті.

Басқосудың басты өзегі – ауданымызда жаңадан бой көтеретін балаларды оңалту орталығын ашуға байланысты өзекті мәселелерді талқылау болды. Бұл жүздесу ашық пікір алмасуға, балалар мен олардың ата-аналарының шынайы мұқтаждықтарын ортаға салуға мүмкіндік берген сүбелі алаңға айналды.

Аудан әкімшілігінің жоспарына сәйкес, жаңа реабилитация орталығы Новошұльба ауылында ашылмақ. Тұрғындарға қолайлы жағдай жасау мақсатында балалар мен олардың ата-аналарын орталыққа арнайы жалдамалы автобуспен

жеткізу ұйымдастырылады. Сонымен қатар, мұнда балаларға сапалы көмек көрсету үшін білікті мамандар тұрақты түрде шақырылып отырады.

Жиын барысында өскелең ұрпақты оңалту, дамыту және оларды қоғамға әлеуметтік бейімдеу



үшін қолжетімді әрі заманауи жағдайлар жасаудың маңыздылығына ерекше назар аударылды. Мұндай орталықтың ашылуы аудан тұрғындары үшін үлкен жеңілдік әрі балалардың болашағына жасалған үлкен қадам екені сөзсіз.

Алқалы басқосуға қатысқан аналар болашақ оңалту орталығының жұмыс бағытына, қажетті мамандар (логопед, дефектолог, психологтар) мен құрал-жабдықтармен қамтылуына қатысты өз ұсыныстары мен жүрекжарды тілектерін білдірді.

Ұйымдастырушылар «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында айтылған барлық пікірлер мен құнды ұсыныстардың назардан тыс қалмайтынын жеткізді. Олардың барлығы алдағы уақытта оңалту орталығының жобасын одан әрі жоспарлау және жүзеге асыру барысында міндетті түрде ескерілетін болады.

Киберқауіпсіздік



АЛАЯҚТЫҚТАН САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Цифрлық заманда алаяқтардың құрығына түспеу үшін әрбір азаматтың сауаттылығы жоғары болуы тиіс. Осы мақсатта Бақы ауылдық округінде маңызды кездесу өтті.

Ағымдағы жылдың 17 тамызында Бақы ауылдық округі әкімінің аппаратында өзекті тақырыптардың бірі – интернет-алаяқтықтың алдын алу және одан қорғану жолдарына арналған түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жиынды учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Р.К. Омарғалиев өткізді. Шараға ауылдық округ әкімі аппаратының ұжымы мен «Коростелевское» ЖШС қызметкерлері қатысты.

Жиын барысында тәртіп сақшысы елімізде белең алған қылмыс схемаларына тоқталды. Бүгінде қаскөйлер азаматтарды алдау үшін мынадай айла-шарғыларды жиі қолданады:

Жалған қоңыраулар: Өздерін банк немесе полиция қызметкері ретінде таныстырып, «атыңыздан несие рәсімделіп жатыр» деп қорқыту.

Фишингтік сілтемелер: Мессенджерлерде «ұтыс ойыны», «жәрдемақы» немесе «арзан тауар» туралы күмәнді сілтемелер

таратып, жеке деректерді қолды қылу. Жалған платформалар: Белгілі мұнай немесе қаржы компанияларының атын жамылып, «қаз уақытта үлкен табыс табуды» уәде ету.

Полиция майоры Р.К. Омарғалиев интернет-ресурстарды пайдалану кезіндегі басты қауіпсіздік шараларын егжей-тегжейлі түсіндіріп, қатысушыларға мынадай ережелерді қатаң сақтауды ескертті:

1. Ешкімге SMS-кодтарды, құпия сөздерді және картаның артқы жағындағы CVV2-кодты айтпау;

2. Күмәнді сілтемелермен өтпеу және жеке мәліметтерді енгізбеу;

3. Бейтаныс адамдардың нұсқауымен телефонға ешқандай қосымша жүктемеу. Бұл профилактикалық шара тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттырып, ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Кездесу соңында қатысушылар өздерін мазалаған сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптар алды. Ұйымдастырушылар жұртшылықты әрдайым қырағы болуға шақырды.

Құқық және тәртіп

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ- ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫ АЛЫНДЫ

Ауданымызда заң мен тәртіпті нығайту, қылмыстың алдын алу мақсатында ауқымды профилактикалық шаралар қолға алынды. Соңғы уақытта тіркелген құқық бұзушылықтар мен ауыр қылмыстарға байланысты Бородулиха ауданына Абай облысы Полиция департаменті аппаратының қызметкерлері мен патрульдік полиция экипаждары арнайы жіберілді. Олар аудандық әріптестерімен бірлесіп, кең көлемді жедел-профилактикалық жұмыстар жүргізді.

Тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған бұл кешенді іс-шараға барлығы 80 полиция қызметкері жұмылдырылды. Нәтижесінде қысқа мерзім ішінде түрлі сипаттағы 113 құқық бұзушылық дерегі анықталды. Тәртіп сақшылары аудан бойынша 986 жеке тұрғын



үйді, 58 сауда нысанын және 32 жалдамалы пәтерді жіті тексеріп шықты.

Үй-үйді аралау және халықпен тікелей тілдесу барысында полиция қызметкерлері




заңсыздықтың жасырын тұстарын да ашкереледі. Атап айтқанда, дене жарақаттары бар, бірақ бұған дейін қорқыныш немесе басқа да себептермен құқық қорғау органдарына жүгінбеген екі әйел анықталды. Осылайша, дер кезінде жасалған әрекеттің арқасында отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған жандарға көмек көрсетілді. Ал шаңырақтың берекесін қашырып, отбасылық жанжал шығарғандар дереу профилактикалық есепке қойылып, оларға қатысты қатаң қорғау нұсқамалары шығарылды.

Полиция департаментінің мәліметінше, облыс аудандарында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және тұрмыстық қылмыстардың алдын алуға бағытталған мұндай кешенді жұмыстар алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғаса бермек. Тәртіп сақшылары тұрғындарды кез келген заңсыздыққа бейжай қарамауға шақырады.

Шайза АСАНҚЫЗЫ,
«Жаңа уақыт»

Балаларға базарлық



ҚОЯННЫҢ ҚЫЗЫҚТЫ ҚҰЛПЫНАЙЫ

Бірде, шетсіз-шексіз жасыл жайлаудың ортасында, биік шөптердің арасында, кішкентай қоян өмір сүріпті. Оның аты – Қошақан. Қошақан өте батыл, бірақ кейде ұялшақ болатын. Әсіресе, жаңа нәрселерді бастауға келгенде. Ол әрдайым өзінің айналасындағы әлемді зерттегісі келетін, бірақ кішкене қорқыныш оны кейде тоқтатып қалатын. Бір күні таңертең, Қошақан таңғы асын ішіп отырғанда, жақын маңдағы орманда қатты күлкі естіді. Бұл оның ескі досы, аюдың баласы, Аюжанның дауысы еді. Аюжан әрдайым көңілді және әзілқой болатын. Ол ешқашан ештеңеден қорықпайтын сияқты көрінетін.

– «Қошақан, бері кел! Қарашы, мен не таптым!» – деп Аюжан айқайлады. Қошақан ақырын ғана Аюжанның қасына барды. Аюжанның алдында, күн сәулесіне шағылысып, қып-қызыл болып піскен, үлкен бір құлпынай тұрды. Бұл Қошақан өмірінде көрген ең үлкен құлпынай еді.

– «Уау, бұл неткен үлкен құлпынай!» – деді Қошақан таңданып.
– «Иә! Мен оны осы жерден таптым, – деді Аюжан, – бірақ оған жету үшін кішкене биікке шығу керек болды. Сен де жегің келе ме?» Қошақан құлпынайға қарады. Ол шынымен де өте дәмді көрінетін. Бірақ құлпынай өскен жер кішкене биіктеу еді, оған жету үшін кішкене тасқа өрмелеу қажет болды. Қошақан ешқашан тастарға өрмелеп көрмеген еді, сондықтан ол кішкене қорықты.

– «Мен білмеймін... Мен ешқашан тасқа өрмелеп көрмегенмін», – деді Қошақан дауысы дірілдеп. Аюжан Қошақанның бетіне қарады.

– «Ештеңе етпейді ғой, Қошақан! Қорықпа! Мен саған көмектесемін. Бұл өте қызықты болады!» Аюжан бірінші болып тасқа өрмеледі. Ол өзінің тырнақтарымен тастың шетіне жабысып, тез жоғары көтерілді. Содан кейін ол Қошақанға қолын созды.

– «Кел, Қошақан! Менің қолымнан ұста!» Қошақан терең тыныс алды. Ол құлпынайдың төтті дәмін елестетті. Сосын, кішкене қорқынышын жеңіп, Аюжанның қолынан ұстады. Аюжан оны ақырын ғана жоғары тартты. Қошақан өзінің кішкентай аяқтарымен тастың бұдыр бетіне жабысып, жоғары өрмелей бастады. Алғашқыда ол өте қорқынышты болды, бірақ Аюжанның қолдауымен және құлпынайдың арманымен ол біртіндеп жоғары көтерілді. Міне, олар құлпынай өскен жерге де жетті. Қошақанның жүрегі қуаныштан тулап тұрды. Ол өзінің қолымен үлкен, қып-қызыл құлпынайды жұлып алды. Оның дәмі өте төтті әрі шырынды еді.

– «Бұл менің өмірімде жеген ең дәмді құлпынай!» – деді Қошақан күлімсіреп.

– «Көрдің бе? Қорықпау керек еді ғой!» – деді Аюжан. Сол күннен бастап, Қошақан ешқашан жаңа нәрселерді бастаудан қорықпайтын болды. Ол Аюжанмен бірге көптеген қызықты оқиғаларға қатысып, тауларға өрмелеп, өзендерден жүзіп өтіп, әлемнің көптеген құпияларын ашты. Ол түсінді: кейде кішкене қорқыныш бола тұрса да, батылдық танытып, алға ұмтылу керек екен. Ал достарыңмен бірге болсаң, ешқандай кедергі қорқынышты емес. Қошақан енді қандай жаңа шытырман оқиғаларды іздейді екен? Мүмкін, ол биік ағаштардың басына шығып, құстармен бірге ән айтуды үйренер? Немесе жасырын үңгірлерді зерттеп, жаңа достар табар? Кім білсін, бірақ бір нәрсе анық – Қошақанның өмірі енді ешқашан бұрынғыдай жасқаншақ болмайды.

ertegiler.kz/

«Абайлаңыз, балалар!»

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – БАҚЫЛАУДА



Бородулиха ауылында «Абайлаңыз, балалар!» жедел-профилактикалық аясында ауқымды іс-шарасы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ағымдағы жылдың 16 тамызында Бородулиха ауданының полиция бөлімі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен ауыл тұрғындары мен балалар арасында маңызды алдын алу шарасы өтті. Желілік саябақ аумағында ұйымдастырылған бұл жиын жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталды.

Тәртіп сақшылары демалыс орнындағы ата-аналармен және балалармен тікелей жүздесіп, қоғамдық орындардағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерін еске салды. Кездесу барысында мынадай негізгі мәселелерге ерекше назар аударылды:

Балаларға жолдан өту ережелері, велосипед пен самокат тепкенде сақтану жолдары түсіндірілді; Үлкендерге балаларды қараусыз қалдырмау, олардың бос уақытын қадағалау және кез келген бақытсыз жағдайдың алдын алу қажеттілігі қатаң ескертілді;

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтарды болдырмау шаралары айтылды.

Полицейлердің айтуынша, жазғы каникулдың соңғы айында балалардың қауіпсіздігіне ерекше жауапкершілікпен қарау керек. Себебі, балалардың бос уақыты көп, ал көшедегі қозғалыс қарқынды. Осындай бетпе-бет кездесулер мен дер кезінде жасалған ескертулер жазатайым оқиғалардың алдын алуға септігін тигізеді.

Шара соңында тәртіп сақшылары балалар мен ата-аналарға ережелер жазылған арнайы жадынамалар таратып, әрдайым қырағы болуға шақырды. Ауыл тұрғындары өз кезегінде балалардың амандығы үшін жасалып жатқан бұл жұмыстарға ризашылықтарын білдірді.

Өз тілшіміз

Еңбекпен қамту

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУДА

Ағымдағы жылдың 14 тамызында Бақы ауылдық округіне қарасты Коростели ауылының Мәдениет үйінде кең көлемді бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Аудандық жұмыспен қамту орталығының қолдауымен өткен бұл шара ауыл тұрғындары арасындағы жұмыссыздық мәселесін шешуге және бос жұмыс орындарын толықтыруға бағытталды.

Жәрмеңке барысында ауыл тұрғындары мен жұмыссыз азаматтарға аудан бойынша ең өзекті және сұранысқа ие бос жұмыс орындары ұсынылды. Шараға аудандағы ірі мекемелер, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен жеке кәсіпкерлер қатысып, өздеріне қажетті мамандарды іздеді.

Шара тек бос орындарды ұсынумен шектелген жоқ. Жәрмеңкеге келген азаматтарға мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қайта даярлаудан өту, қысқа мерзімді курстарда оқу және жаңа кәсіп бастау үшін қайтарымсыз гранттар алу шарттары туралы толық ақпарат берілді. Мамандар түйіндеме (резюме) жазу және жұмыс берушімен сұхбаттасу бойынша пайдалы кеңестерімен бөлісті.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай көшпелі жәрмеңкелер ауыл тұрғындары үшін өте тиімді. Себебі, ауыл адамдары аудан орталығына бармай-ақ, өз мекенінде жұмыс берушілермен тікелей тілдесіп, сұрақтарына жауап алуға мүмкіндік алды.

Бақы ауылдық округінде өткен бұл шара ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға және аймақтың экономикалық белсенділігін арттыруға септігін тигізетін сөзсіз.

«ЖУ» - ақпарат



32-нөмірдің материалдары Абай облысы Бородулиха аудандық ішкі саясат бөлімінің тапсырысы бойынша дайындалды

ЖАҢА

УАҚЫТ

E-mail: info@Borodulihapuls@mail.ru

ДИРЕКТОР
Р.А. МОЛДАШЕВА

Редакция мекенжайы: 070400, Абай облысы, Бородулиха ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 69, тел. 8 (72351) 2-16-96

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ71VPY00057727, 28.10.2022 ж.

Газет «Жаңа уақыт - Новое время» газетінің редакциясында теріліп және беттеліп, "Басып шығару баспасы" "Рекламный дайджест агенттігі" ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады. Таралымы - 12565.

Аптасына бір рет - сәрсенбі күні шығады.

Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.

РЕДАКТОР Ш.А. ДОСКЕЕВА
shaizaasanovna_68@mail.ru

БЕТ ҚАТТАУШЫ
А.С. АЛИМБЕКОВА

АБАИ АИМАҚ
медиахолдингі



НОВОЕ ВРЕМЯ



№32 (190) 19 АВГУСТА 2026 ГОДА

ГАЗЕТА РАСПРОСТРАНЯЕТСЯ ПО БОРОДУЛИХИНСКОМУ РАЙОНУ ♦ ИЗДАЕТСЯ С 1 ЯНВАРЯ 1938 ГОДА ♦ E-MAIL: BORODULIHAPULS@MAIL.RU

Образование

ЗА ПРЕДАННОСТЬ ШКОЛЕ



Директор Зубаирской средней школы Гульжан Ерубаетова удостоена нагрудного знака «Абай облысына сіңірген еңбегі үшін» (За заслуги перед областью Абай). За наградой – 26 лет педагогического труда, путь от выпускницы родной школы до ее руководителя и любовь к профессии, которую когда-то помогла выбрать любимая учительница.

Гульжан Елеухановна родилась и выросла в селе Зубаир. Окончила ту же школу, которой сегодня руководит. Получив педагогическое образование, она могла начать взрослую жизнь в другом месте, но выбрала возвращение домой.

Первым рабочим местом стала родная Зубаирская средняя школа, а первым профессиональным статусом – учитель русского языка и литературы.

Сегодня ее педагогический стаж составляет 26 лет. Наверное, в выборе профессии редко бывает совершенно случайная точка отсчета. У Гульжан Елеухановны она связана с конкретным человеком.

– На мой выбор профессии повлияла моя школьная учительница русского языка и литературы Батиш Сулейменовна. Она была для меня примером настоящего учителя. Именно благодаря ей я полюбила этот предмет и решила связать свою жизнь с педагогикой, – рассказывает Гульжан Ерубаетова.

Позже рядом были и другие люди, у которых можно было учиться профессии. Среди своих наставников Гульжан Елеухановна особо называет заслуженного педагога Республики Казахстан Рысалды Жумагалиевну Тютенову, а также коллег, поддержавших ее в работе.

Профессиональное образование тоже не закончилось получением первого диплома. Гульжан Ерубаетова окончила магистратуру в Университете Шакарима. Сегодня она имеет квалификацию директора второй категории.

С 2019 года Гульжан Елеухановна возглавляет Зубаирскую среднюю школу.

Директор сельской школы знает: его рабочий день далеко не всегда начинается и заканчивается вопросами уроков и успеваемости. К образовательному процессу добавляются состояние здания, отопление, ремонты, материальная база, работа с коллективом и родителями. В небольшом селе школа вообще занимает особое место.

– Работа директора сельской школы требует большой ответственности. Необходимо заниматься не только учебным процессом, но и хозяйственными вопросами, материальной базой, коллективом, родителями и многими другими задачами. Особая ценность сельской школы в том, что она является центром жизни села. Здесь каждый ребенок дорог и важен, и хочется создать для каждого максимально хорошие условия, – говорит директор.

За семь лет в школе удалось решить ряд накопившихся хозяйственных вопросов. Старое шиферное покрытие крыши заменили, оборудовали теплый туалет, заменили распределительные щитки, провели текущий ремонт котельной и другие необходимые работы.

Но среди результатов своей директорской работы Гульжан Елеухановна отдельно говорит о связи с выпускниками.

Люди, когда-то окончившие Зубаирскую школу и разъехавшиеся по разным местам, продолжают участвовать в ее жизни. При их поддержке удалось укрепить материально-техническую базу учрежде-

ния, была организована поездка в Жидебай. В этом тоже есть своя история преемственности. Школа когда-то дала им знания и путевку во взрослую жизнь, а спустя годы выпускники помогают уже следующему поколению сельских ребят.

Административная работа не заставила Гульжан Ерубаетову отказаться от преподавания. Она по-прежнему учитель русского языка и литературы и признается, что полностью уходить из класса не хотела бы.

Особенно ее увлекает исследовательская работа с детьми.

Один из таких проектов принес результат областного уровня. Вместе с ученицей Назар Мендекеевой они подготовили научный проект «Напиши мне письмо». На областном этапе работа заняла первое место. По словам Гульжан Елеухановны, это было единственное первое место среди представителей Бородулихинского района.

Для учителя ценность такого результата заключается далеко не только в дипломе.

– Общение с детьми дает мне энергию, вдохновение и возможность постоянно развиваться. Особенно мне нравится исследовательская деятельность. Когда видишь, как ребенок раскрывается, начинает самостоятельно искать информацию и добивается результата, это приносит огромное удовлетворение. Для меня важно оставаться учителем, потому что это помогает лучше понимать учеников и сам образовательный процесс, – говорит она.

Возможно, именно поэтому ее профессиональная история получилась своеобразным кругом. Когда-то школьный учитель сумел увидеть и поддержать интерес девочки к русскому языку и литературе. Теперь уже сама Гульжан Елеухановна помогает своим ученикам искать то, в чем они могут раскрыться.

Нынешняя награда стала для директора Зубаирской школы неожиданной.

По словам Гульжан Ерубаетовой, на награждение выдвигались девять педагогов. Отбор прошла именно она.

Гульжан Елеухановна удостоена нагрудного знака «Абай облысына сіңірген еңбегі үшін». Награда стала признанием ее многолетней работы в системе образования, профессионального мастерства и вклада в развитие школы.

– Для меня эта награда – большая честь и признание моего труда. Честно говоря, я ее не ожидала, поэтому награждение стало очень приятным и волнительным событием. В первую очередь хотелось рассказать об этом своим близким, коллегам и ученикам, потому что за этой наградой стоит труд всего школьного коллектива, – отмечает Гульжан Ерубаетова.

И эти слова хорошо характеризуют сельскую школу. Здесь действительно трудно разделить успех директора, учителя, ученика или коллектива на отдельные составляющие. Один результат складывается из работы многих людей.

Своей главной поддержкой Гульжан Елеухановна называет семью. Именно близкие все эти годы принимают ту особенность учительской профессии, при которой школьные дела редко остаются исключительно на рабочем месте.

За плечами Гульжан Ерубаетовой уже 26 лет педагогического труда. Из них семь лет она руководит школой. Есть административные обязанности, магистратура, профессиональная категория, областная награда. Но в разговоре о работе она снова и снова возвращается к детям.

